

АҚТАУ ТАУЛЫ ӨңІРІНЕ ҚАРАСТЫ, ҚОРҒАН БӨЛІМШЕСІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ПАЙДАЛЫ ӨСІМДІКТЕР

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазіргі таңда дәрілік өсімдіктерден алынатын препараттарға сұраныс синтетикалық жолмен алынатын дәрілерге қарағанда күнен - күнге арта түсуде, себебі дәрілік өсімдіктердің шикізатынан жасалатын препараттардың адам ағзасына әсері әлдеқайда жағымды және шипалық қасиеті өте жоғары. Сол сияқты пайдалы өсімдіктердің ішінде тек дәрілік өсімдіктер ғана емес, басқа да эфир - майлық, дәрумендік, бал алынатын, мал азықтық т.б өсімдіктердің халық шаруашылығында алатын орны ерекше. Осыған байланысты Қазақстандық ботаник - ресурсовед және фитохимик ғалымдарының алдына қойған мақсаттардың бірі - бұрын зерттелмеген, алшақ орналасқан Қазақстанның таулы - шоқылы аудандарының өсімдіктер бірлестіктерін анықтап, олардың ішінде сұранысқа жоғары әрі дәрілік, әрі эфир майлық, тамақтық тағыда басқа пайдалы өсімдіктер кездесетін өңірлерге фитоценологиялық сипаттама беріп, оларда кездесетін пайдалы өсімдіктердің түрлерін анықтау [1]. Міне, осындай практикалық әрі теориялық маңызы зор жұмыстардың қатарына Ақтау таулы өңірінің пайдалы өсімдіктерін зерттеу жұмысы жатады. Осы таулы өңірдің пайдалы өсімдіктері және олардың таралуы жайлы бірен сараң еңбектер ғана бар [2]. Ал, Ақтау тауына қарасты “Қорған” бөлімшесі бойынша, ондағы өсімдіктердің жамылғысының типтері, олардағы пайдалы өсімдіктер туралы әдеби деректерде мүлдем келтірілмеген.

Осыған байланысты “Қорған” бөлімшесі бойынша жүргізілген далалық ғылыми жұмысымыздың мақсаты: Ақтау таулы өңірінен алшақ, 25 км қашықтықта орналасқан “Қорған” бөлімшесінің өсімдіктер бірлестіктерінің типін анықтап, оларға фитоценологиялық сипаттама беру.

Бұл мақсатқа жету үшін мынандай міндеттер қойылды:

1. Зерттелген аудан бойынша өсімдіктер бірлестігінің типін, олардың флоралық құрамын анықтап және доминанттық түрлердің тізімін жасау.
2. Тіркелген пайдалы өсімдіктерді систематикасы, экоморфасы және өмір сүру формасы бойынша жіктеу.
3. Анықталған пайдалы өсімдіктерді халық шаруашылығында қолданылуына байланысты жіктеу.

Алымызға қойған мақсат, міндетке жету үшін Қорған бөлімшесіне далалық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, алдымен өсімдіктер бірлестігінің типтері анықталды, гербарий материалдары жиналды. Далалық эксперименттік жұмыс байырғы маршруттық рекогностикалық әдістерді қолдану арқылы жүргізілді. Өсімдіктерді систематикалық топтарға бөліп жіктеу «Иллюстрированный определитель растений Казахстана» [3], А.Н. Куприянов «Определитель сосудистых растений Каркаралинского национального парка» [4] еңбектері негізінде жүргізілді. Зерттелген ауданда тіркелген өсімдіктерге фитоценологиялық сипаттама Б.А. Быков [5], Т.А. Работнов [6], В.М. Понятовская [7] әдістері негізінде жүргізілді.

Ал анықталған пайдалы өсімдіктерді халық шаруашылығында қолданылуына байланысты жіктеу Н.В. Павлов [8], М.К. Кукенов [9] еңбектеріне негізделіп жазылды.

Далалық зерттеу барысында алдымен осы Қорған бөлімшесінің өсімдіктер бірлестігінің типі анықталды. Содан кейін белгіленген өсімдіктер бірлестігінде кездесетін пайдалы өсімдіктердің түрлері анықталып, оларға фитоценологиялық сипаттама беріліп, систематикалық топтарға жіктелді. Нәтижесінде белгіленген аудан бойынша 20 түрлі пайдалы өсімдіктердің түрлері тіркелді. Осы өңір бойынша алынған эксперименттік жұмыстың нәтижелері, 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте - Ақтау таулы өңіріне қарасты “ Қорған” бөлімшесінің пайдалы өсімдіктерінің фитоценологиялық сипаттамасы

Тұқымдасы. Өсімдіктер атауы	Өсімдіктер бірлестігі			
	астық тұқымдас-көп жылдық шөп тектестер			
	Экология- лық топтары	Молдыл ығы	Кездесетін жері	Өмір сүру формаларына қарай жіктелуі
Кәдімгі түймешетен <i>Tanacetum vulgare</i> (Asteraceae)	КсМз	Сор ₂	Өзен жағаларында, жазық жерлер	Көпжылдық
Кәдімгі мыңжапырақ <i>Achillea millefolium</i> (Asteraceae)	КсМз	Сор ₂	Шалғынды, жазық жерлер	Көпжылдық
Қылшықты сарықалуен <i>Cirsium setosum</i> (Asteraceae)	МзКс	Sp	Жазық жерлер	Көпжылдық
Нүктелі далазығыры <i>Galatella punctata</i> (Asteraceae)	МзКс	Sol	Шалғынды, жазық жерлер	Көпжылдық
Сопакүлте қалампыр <i>Dianthus leptopetalus</i> (Caryophyllaceae)	МзКс	Sp	Тасты жерлер	Көпжылдық
Көгілдір сужелкек – <i>Sium</i> <i>sisaroidium</i> (Umbelliferae)	Мз	Sp	Ылғалды, сазд ы жерлер	Көпжылдық
Тілшік сарғалдақ – <i>Ranunculus</i> <i>lingua</i> (Ranunculaceae)	Мз	Sp	Ылғалды жерлер	Көпжылдық
Жіңішке жапырақты қоңырбас – <i>Poa angustifolia</i> (Poaceae)	МзКс	Сор ₁	Жазық жерлерде	Көпжылдық
Бұйра тарлан – <i>Cleistogenes</i> <i>sguarrosa</i>	Кс	Sp	Жазық далалы жерлері	Көпжылдық

(Poaceae)				
Шалғын бетеге <i>Festuca pratensis</i> (Poaceae)	Мз	Cop ₁	Ылғалды жерлер	Көпжылдық
Құрғақ айрауық <i>Calamagrostis epigeios</i> (Poaceae)	Кс	Sp	Жазық жерлерде	Көпжылдық
Көкшіл жыланбас <i>Dracosephalum thymiflorum</i> (Labiatae)	МзКс	Sp	Жол жиектерінде	Біржылдық
Ляллеманция ройля <i>Lallemantia royleana</i> (Labiatae)	МзКс	Sol	Құрғақ, жазық жерлер	Біржылдық
Дала жалбызы <i>Mentha arvensis</i> (Labiatae)	КсМз	Cop ₁	Өзен жағасында	Көпжылдық
Европалық бөріаяқ <i>Lycopus europaeus</i> (Labiatae)	Гигр	Cop ₁	Өзен жағасында	Көпжылдық
Ұзынжапырақты бөденешөп <i>Veronica longifolia</i> (Scrophulariaceae)	Мз	Sp	Жазық жерлер	Көпжылдық
Гүляяқ көздәрі <i>Festuca pratensis</i> (Scrophulariaceae)	Мз	Sp	Шалғынды, жазық жерлер	Біржылдық
Дәрілік жалбызтікен <i>Althaea officinalis</i> (Malvaceae)	Гигр	Sp	Өзен жағасында	Көпжылдық
Тышқан сиыржоңышқасы <i>Vicia cracca</i> (Fabaceae)	Мз	Sp	Жазық жерлер	Көпжылдық
Өкпе шерменгүлі <i>Gentiana pneumonanthe</i> (Gentianaceae)	КсМз	Sol	Жазық жерлер мен шалғындықта	Көпжылдық

Ескерту: Мз - мезофит, Кс - ксерофит, КсМз - ксеромезофит, МзКс - мезоксерофит, Гигр - гигрофит. Cop - молдылығы, Cop₃ - өте көп, Cop₂ - біршама көп, Cop₁ - көп, Sp – жиі

Кестеде көрсетілгендей зерттеуге алынған Қорған бөлімшесінің өсімдіктер типі негізінен астық тұқымдас - көп жылдық шөп тектес өсімдіктер бірлестігі болатындығы анықталды.

Бұл бірлестікте анықталған 10 тұқымдасқа, 20 туысқа жататын пайдалы өсімдіктерді систематикалық жағынан жіктегенде олардың басым бөлігі астық тұқымдастардың өкілі болды (4 түр) (*Poa angustifolia*, *Cleistogenes squarrosa*, *Festuca pratensis*, *Calamagrostis epigeios*), одан кейінгі орында ерінгүлділер тұқымдасынан (4 түр), оларға: (*Dracosephalum thymiflorum*, *Lallemantia royleana*, *Mentha arvensis*, *Lycopus europaeus*) жатады, одан кейінгі орында күрделігүлділер тұқымдастарынан, 4 түр (*Tanacetum vulgare*, *Achillea millefolium*, *Cirsium setosum*, *Galatella punctata*) тіркелді, ал сабынкөк тұқымдасынан (2 түр) (*Veronica longifolia*, *Festuca pratensis*), қалампыр

тұқымдасынан 1 түр *dianthus leptopetalus*, атыргүлділер тұқымдасынан 1 түр (*Sium sisaroides*), сарғалдақ тұқымдасынан 1 түр (*Ranunculus lingua*), құлқайырлар тұқымдасынан 1 түр (*Althaea officinalis*), боб тұқымдасынан 1 түр (*Vicia cracca*), шерменгүлділер тұқымдасынан 1 түр (*Gentiana pneumonanthe*) небары бір - бір түрден ғана кездесті. Сол сияқты, Қорған бөлімшесінде тіркелген пайдалы өсімдіктерді экоморфасы бойынша жіктегенде, олардың 2 түрі ксерофиттерге: *Cleistogenes squarrosa*, *Calamagrostis epigeios*, 6 түрі мезофиттерге: *Sium sisaroides*, *Ranunculus lingua*, *Festuca pratensis*, *Veronica longifolia*, *Vicia cracca*, *Ranunculus lingua* жатқызылды. Ал 4 түр ксеромезофитке: *Tanacetum vulgare*, *Achillea millefolium*, *Mentha arvensis*, *Gentiana pneumonanthe* және мезоксерофитке – 6 түр: *Cirsium setosum*, *Galatella punctata*, *Dianthus leptopetalus*, *Poa angustifolia*, *Dracocephalum thymiflorum*, *Lallemantia royleana*, гигрофиттерге – 2 түр: *Lycopus europaeus*, *Althaea officinalis* болатындығы анықталды. Зерттелген ауданда тіркелген пайдалы өсімдіктерді өмір сүру формасы бойынша жіктегенде олардың 3 түрі бір жылдық шөп тектестерге, ал көпшілігі (17 түрі) көп жылдық шөп тектестерге жатады. Осы бөлімше бойынша барлық өсімдіктер бірлестігінде доминант ретінде кең таралған 6 түрлі пайдалы өсімдіктер анықталды. Оларға мына түрлер жатқызылды: *Tanacetum vulgare*, *Achillea millefolium*, *Poa angustifolia*, *Festuca pratensis*, *Mentha arvensis*, *Lycopus europaeus* және де өсімдіктер бірлестігінде әр жерден шоқ-шоқ боп кездесетін бірақ үлкен қопалар құрамайтын түрлерге: *Cirsium setosum*, *Dianthus leptopetalus*, *Veronica longifolia*, *Festuca pratensis*, *Althaea officinalis*, *Vicia cracca* мына өсімдіктер жатқызылды, ал аз кездесетіндерге: *Galatella punctata*, *Gentiana pneumonanthe*, *Lallemantia royleana* мына өсімдіктер кірді. Қорған бөлімшесі бойынша тіркелген пайдалы өсімдіктер халық шаруашылығының әр түрлі саласында қолданылуы бойынша 6 топқа бөлініп, жіктелді. Тіркелген өсімдіктердің - 4 түрі дәрілік өсімдіктерге: дәрілік жалбызтікен, гүляяқ көздәрі, тышқан сиыржоңышқасы, өкпе шерменгүлі, ал 2 түрі сәндік өсімдіктерге: сопақкүлте қалампыр, тілшік сарғалдақ, 6 түрі эфир майлық өсімдіктерге: кәдімгі түймешетен, көгілдір сужелкек, кәдімгі мыңжапырақ, көкшіл жыланбас, ляллеманция ройля, дала жалбызы өсімдіктерге жатқызылды. Анықталған өсімдіктердің ішінде бал алынатын түрлердің саны - 3, оларға жататындар: көкшіл жыланбас, дала жалбызы, дәрілік жалбызтікен, және 2 түр - ұзынжапырақты бөденешөп пен өкпе шерменгүлі дәрумендік өсімдіктерге жатқызылды, ал малазықтық өсімдіктерге - 5 түр: жіңішке жапырақты қоңырбас, бұйра тарлан, шалғын бетеге, құрғақ айрауық, нүктелі далазығыры жатқызылды.

Сонымен қорға келе Ақтау тауына қарасты “Қорған ” бөлімшесінің пайдалы өсімдіктері алғаш рет зерттеліп, оларға фитоценологиялық сипаттама берілді. Тіркелген пайдалы өсімдіктерді систематикасы бойынша жіктегенде олар 10 тұқымдасқа, 20 туысқа жатқызылды. Осы пайдалы өсімдіктерді халық шаруашылығының әр түрлі саласында қолданылуы бойынша қарастырғанда олардың басым көпшілігі дәрілік және эфир майлық өсімдіктер екендігі анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Кукенов М.К. Ботаническое ресурсосведение Казахстана. - Алматы, 1999, С. 144.
2. Ахметжанова А.И., Ауельбекова А.К., Қыздарова Д.Қ., Наурызбаева А.Н. Ақтау таулы өңірінің пайдалы өсімдіктері // Вестник КарГУ, серия биология, география, медицина. - 2015, № 4 (80). – С. 23-31.
3. Иллюстрированный определитель растений Казахстана. Т. 1-2. – Алма-Ата, 1969, 1972.
4. Куприянов А.Н., Хрусталева И.А., Манаков Ю.А., Адекенов С.М. Определитель сосудистых растений Каркаралинского национального парка. – Кемерово, 2008. – 274 с.
5. Быков Б.А. Геоботаника. – Алма-Ата, 1957. – С. 22-23.
6. Работнов Т.А. Жизненный цикл многолетних травянистых растений в луговых ценозах // Труды Ботанического института АН СССР. – М.-Л., 1950. Сер. 3, Вып. 6. - С. 7-204.
7. Понятовская В.М. Учет обилия и особенности размещения видов в естественных растительных сообществах // Полевая геоботаника. Т. 3. – М.-Л., 1964. – С. 209-237.
8. Флора Казахстана. Т. 1-9 Алма-Ата, 1956–1966.
9. Көкенов М.К., Әдекенов С.М., Рақымов Қ.Д. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және олардың қолданылуы. – Алматы, 1998. – 287 с.